



**Тұрақты комиссияның
2018 жылғы 26 сәуірдегі
қаулысы**

**«Астана қаласының халқына
алғашқы медициналық-санитарлық
және жедел медициналық көмек
көрсетудің жай—күйі және шаралары
туралы» мәслихат шешімінің
орындалу барысы туралы**

«Астана қаласының халқына алғашқы медициналық-санитарлық және жедел медициналық көмек көрсетудің жай-күйі және шаралары туралы» мәслихат шешімінің орындалу барысы туралы» баяндаманы тыңдап және талқылап, мәдени-әлеуметтік даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия қалалық атқарушы органдар Астана қаласы мәслихаты сессиясының ұсынымдарын орындау бойынша шаралар қабылдап жатқанын айтып өтті.

«Денсаулық» атты денсаулық сақтауды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру мақсатында жедел медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруды жетілдіру, шығатын бригадаларды радиобайланыспен, санитарлық автокөлікті GPS-навигациямен жарактандыру мәселелері бойынша іс-шаралар өткізілді. Жедел медициналық көмектің уақтылы жетуін қамтамасыз ету үшін Ш. Айтматов к-сі, 29 үй, НП-1 мекенжайы бойынша «Жағалау» тұрғын алабында қосалқы станция ашу жұмысы жүргізіліп жатыр.

Қалалық денсаулық сақтау қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және алғашқы мамандандыру бойынша шаралар қабылдануда. Ғылыми орталықтарда республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттары, сондай-ақ ақылы қызметтер есебінен 10 589 адам оқытылды.

Жан басына шаққандағы кешенді норматив негізінде амбулаториялық-емханалық көмектің бюджетін бөлуге бағытталған шаралар қабылданып жатыр. 2018 жылдан бастап республикалық деңгейде шоғырландырылған бюджет жағдайында тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемінің бірыңғай төлеушісі ретінде «ФСМС» ҒАҚ белгіленді. Жан басына шаққандағы кешенді

нормативті алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдары бойынша бөлу тіркелген халық тізілімі бойынша тіркелген халыққа сәйкес жүргізіледі. 2016 жылы ТСК мөлшері қала бойынша орташа есеппен айына 1 тұрғынға 754,0 теңгені, 2017 жылы – 766,6 теңгені, 2018 жылы 947,2 теңгені құрайды.

2018 жылы медициналық ұйымдар желісін дамыту мақсатында бірқатар медициналық объектілерді, оның ішінде №1 қалалық емхананы сенімді басқаруға беру жоспарланады, беру шарттарының бірі ғимаратқа күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу болып табылады.

2019-2020 жылдары «Өндіріс» тұрғын алабында бюджет қаражаты есебінен 150 келушіге арналған алғашқы медициналық көмек орталығын салу жоспарланады.

Ауруларды басқару бағдарламасын енгізу арқылы пациенттердің өмір сүру ұзақтығын ұлғайту мақсатында Астана қаласының алғашқы медициналық-санитарлық көмек орталықтарында ауруларды басқару бағдарламасын (бұдан әрі – АББ) енгізу бойынша пилоттық жобаның енгізілуі жалғасуда. АМСК ұйымдарында операциялық менеджментті жетілдіруді қарастыратын «Смарт-медицина» жобасы енгізіліп жатыр.

Халыққа тиімді медициналық көмек көрсету қызметі үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету үшін Ильинка тұрғын алабында орналасқан № 12 емхана және бұл емханадағы негізгі құралдар Астана қаласы әкімдігінің «№ 10 қалалық емхана» ШЖҚ МКК-дан факт бойынша қабылданып, «Астана қаласы Коммуналдық мүлік және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ бұйрығымен берілді. Бүгінгі күні емханада жұмыс істейтіндердің саны 121 адамды құрайды. Емхананы кадрлармен қамтамасыз ету үшін Астана Медициналық университетінің түлектерімен жұмысқа орналасу бойынша шарттар жасалды, әртүрлі ақпараттық сайттар мен газеттерге хабарламалар беріледі.

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға №4 қалалық емхана базасында орталықтандырылған медициналық-әлеуметтік қызметтер көрсетіледі, бұнда алғашқы медициналық-санитарлық, клиникалық-диагностикалық көмекпен және сауықтыру емімен бірге соғыс ардагерлері санынан жалғыз басты адамдарға үйлерінде белсенді патронаж жүзеге асырылады, әлеуметтік-психологиялық қызмет жұмыс істейді.

Қала тұрғындарының оңалту емі және медициналық сауықтыру жеке меншік нысанындағы клиникаларда қалалық және республикалық маңызы бар стационарлармен қатар жүзеге асырылады. Амбулаториялық деңгейде сауықтыру іс-шаралары №№2, 5, 6, 7, 8, 10, 13 қалалық емханаларда өткізіледі, бұнда реабилитолог-дәрігер, ЛФК дәрігері, физиотерапевт қабылдау жүргізеді.

Мүгедектігі бойынша диспансерлік есепте тұрған тұрғындар тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберінде халықтың әлеуметтік-осал жіктері ретінде диагностикалық зерттеулердің толық көлемін және Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен Тізбе бойынша тегін дәрі-дәрмек алады.

Әлеуметтік маңызы бар ауруларды және айналадағыларға қауіп төндіретін ауруларды алғашқы сатысында анықтау мақсатында халықтың барлық жіктері үшін тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберінде профилактикалық тексеру жүзеге асырылуда.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне Астана қаласы бойынша халықтың нысаналы топтарын скринингтік зерттеуді жақсарту жөнінде ұсыныстар жолданды.

Емханаларда кезетер проблемасын жою бойынша елеулі шаралар қағары, оның ішінде пациенттердің ағынын реттеу және медициналық тіркеуіштердің санын ұлғайту шаралары қабылданып жатыр. Қалалық жедел жәрдем станциясынан активтерді беру «АСУ АДИС» ақпараттық бағдарламасы бойынша жүзеге асырылуда.

Елорданың маңындағы елді мекендердің пациенттеріне тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында Астана қаласының медициналық ұйымдары қосалқы мердігерлік шарттар жасауда.

Астана қаласының салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының үкіметтік емес ұйымдармен әртүрлі нысаналы топтарда салауатты өмір сүру салтын насихаттау бойынша іс-шаралар өткізу бойынша ынтымақтастық реттелді. Қалада 50 732 адамды қамтитын 165 бейінді денсаулық мектептері қызмет етеді. 2017 жылы Астана қаласының салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы 162 498 адамды қамтумен 301 іс-шара атқарды.

«Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ «Астана Медициналық университеті» АҚ-ға «Әлеуметтік психология» мамандығы бойынша мамандар даярлау жөнінде ұсынысқа бастамашылық жасады.

Астана қаласының денсаулық сақтау саласының медициналық қызметкерлерінің еңбегін ынталандыру мақсатында 2020-2023 жылдарға қарай мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі шеңберінде 500 бөлмелік бес жатақхана салу жоспарланады.

Сонымен қатар, қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы қалалық денсаулық сақтауды жетілдіру және дамыту бойынша қабылданып жатқан іс-шаралармен бірге 2017 жылғы 23 маусымдағы № 148/20-VI мәслихат сессиясының «Астана қаласының халқына алғашқы медициналық-санитарлық және жедел медициналық көмек көрсетудің жай—күйі және шаралары туралы» ұсынымдарын орындау қажет екенін айтып өтті.

Ақмола облысының Денсаулық сақтау басқармасымен елорданың маңындағы елді мекендердің пациенттеріне тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында Астана қаласының медициналық ұйымдарымен қосалқы мердігерлік шарттарын жасау мәселелері реттелмеген.

Мектеп медицинасын дамыту мәселесі ерекше назар аударуды қажетсінеді.

Астана қаласының салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының өткізілетін іс-шаралардың сапасын жақсарту жөніндегі қызметін жандандыру қажет.

Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледжінің» оқыту құрамының қалалық денсаулық сақтаудың кәсіптік құзырлы кадрларын құруға мүмкіндік беретін орта медициналық персонал даярлау бойынша білім беру үдерісінің жоғары нәтижелілігін қамтамасыз ету бойынша қызметін жақсарту қажет.

Жоғарыда жазылғанның негізінде, әлеуметтік-мәдени мәселелері жөніндегі комиссия қаулы етеді:

1. «Астана қаласының халқына алғашқы медициналық-санитарлық және жедел медициналық көмек көрсетудің жай-күйі және шаралары туралы» ақпарат мәліметке алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне «Астана қаласының халқына алғашқы медициналық-санитарлық және жедел медициналық көмек көрсетудің жай-күйі және шаралары туралы» мәслихаттың 2017 жылғы 23 маусымдағы № 148/20-VI шешімін іске асыруға жолданатын қажетті шаралар толық көлемде орындау ұсынылсын.

3. «Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ бірлесіп қаланың жалпы білім беретін мектептерін бөлінген бюджет қаражаты шеңберінде балаларда жүрек тоқтап қалған кезде алғашқы медициналық көмек көрсету үшін көпшілікке қолжетімді автоматты дефибрилляторлармен жабдықтау ұсынылсын.

**Астана қаласы мәслихатының
әлеуметтік-мәдени даму мәселелері
жөніндегі тұрақты комиссиясының
төрағасы**



М. Шайдаров